



2022-2024 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДИНАМИКАСЫ

САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ



Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	5
2. ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ	8
«Қазақстан-2050» Стратегиясы	8
ҚР-ның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары	9
ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары (2022-2024 жж.)	10
3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ	12
Әділеттілік	12
Әлеуметтік әл-ауқаттылық пен бақыт	14
Отбасы	17
Әлеуметтік жауапкершілік пен ынтымақтастық	19
4. БОЛЖАМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР	21

АВТОРЫ

ТОҚТАРОВ ЕРМЕК БАУЫРЖАНҰЛЫ – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының жетекшісі, PhD

ТЛЕНШИЕВА ШЫРЫН МҰРАТҚЫЗЫ – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының аға ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі

ТӨЛЕУОВ ЖАСҰЛАН СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының аға ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі

САЙЛАУ ҚУАНЫШ СӘПИОЛЛАҰЛЫ – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі

ИБРАИМОВА ӘСЕМ АЯЗАБАЙҚЫЗЫ – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының ғылыми қызметкері, әлеуметтік ғылымдар магистрі.

Сараптамалық шолу Қазақстан қоғамындағы кейбір әлеуметтік құндылықтардың соңғы үш жылдағы (2022-2024 жж.) динамикасына арналған. Шолуды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты жанындағы Цифрлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығының қызметкерлері дайындады. Талдау барысында ҒК ҒЖБМ Философия, саясаттану және дінтану институтының 2022-2024 жылдары жүргізген әлеуметтанулық зерттеулердің деректері, сондай-ақ ашық қолжетімділіктегі басқа зерттеулердің мәліметтері пайдаланылды.

1. КІРІСПЕ

Өзектілік

Соңғы жылдары азаматтардың құндылықтық бағдарларының трансформациясы байқалуда, бұл көп жағдайда қазақстандық қоғам өмірінің барлық қырларын қамтыған ғаламдық және жергілікті өзгерістерге байланысты болып отыр. 2022-2024 жылдар аралығы азаматтардың құндылықтарының өзгеруіне айтарлықтай әсер еткен оқиғаларға толы болды. COVID-19 пандемиясы, 2022 жылдың «Қаңтар оқиғасы», саяси реформалар және жергілікті мен ұлттық деңгейдегі басқа да оқиғалар цифрлық технологиялардың ықпалымен қатар азаматтардың денсаулық, әлеуметтік әлауқаттылық, бақыт, әділеттілік және ынтымақтастық сияқты негізгі өмірлік құндылықтарды қабылдауын өзгертті.

Денсаулық пен әл-ауқаттылық құндылықтары соңғы жылдардағы жаһандық эпидемиологиялық қауіп-қатерлерге байланысты басты орынға шықты. Отбасы да тұрақтылықтың негізі ретінде ерекше бағаланып, адамдардың жақындарымен қарым-қатынастарды нығайтуға және қолдау көрсетуге ұмтылысын көрсетуде. Сонымен қатар, әлеуметтік шиеленіс жағдайында әділеттілік пен ынтымақтастық сияқты құндылықтарға қызығушылық артып, ол өз кезегінде адамдардың теңдік пен өзара көмекке деген ұмтылысын байқатады. Әлеуметтік жауапкершілік пен белсенділік те өзекті бағыттарға айналып, азаматтардың қоғамдық өзгерістерге белсене араласуға дайындығын көрсетуде.

Бұл сараптамалық шолуда Қазақстан азаматтарының 2022-2024 жылдар аралығындағы құндылық бағдарларының трансформациясына талдау жүргізіледі. Біз денсаулық, әл-

ауқаттылық, бақыт, әділеттілік, ынтымақтастық, әлеуметтік жауапкершілік, белсенділік және отбасы сияқты негізгі құндылықтарды қарастырып, қоғамдық басымдықтарда қандай өзгерістер болғанын және осы өзгерістерге қандай факторлар әсер еткенін түсінуге тырысамыз. Құндылық бағдарларының трансформациясын зерттеу қазіргі әлеуметтік үрдістерді түсіну және мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен жалпы қоғам үшін қазақстандық қоғамның әл-ауқатын арттыру мақсатында ұсыныстар әзірлеу үшін қажет.

Әдістеме

Сараптамалық шолу 2022-2024 жылдары ҚР ҒЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты жүргізген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері талдауына негізделген. Бұл шолу сондай-ақ ашық дереккөздерде жарияланған қазақстандық және халықаралық зерттеулердің мәліметтерін қамтиды. Атап айтқанда, бұл шолу әлеуметтік құндылықтар динамикасын көрсететін бірқатар әлеуметтанулық зерттеулерді қамтиды, олардың арасында:

1. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: сенім, ынтымақтастық, төзімділік, әділеттілік» тақырыбындағы жаппай іріктемелі сауалнама. Зерттеуге Қазақстанның қалалық және ауылдық елді мекендердегі 18 жастан асқан 1500 респондент қатысты. Сауалнама этнос, жыныс және жас ерекшелігі бойынша квоталық іріктеу әдісімен, әрбір өңірде (17 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары) жүргізілді.

2. «Әділетті Қазақстан» ұғымын қабылдауын анықтау мақсатында жүргізілген телефондық сауалнама, оған елдің барлық 20 өңірінен (17 облыс және Астана, Алматы, Шымкент қалалары)

қалалық және ауылдық жерлердегі 2000 кәмелетке толған респондент қатысты.

Аталған әлеуметтанулық зерттеулердің деректері статистикалық талдау жүргізетін IBM SPSS Statistics бағдарламасының көмегімен өңделді. Талдау нәтижелері негізінде кестелер мен графиктер түрінде визуализация дайындалды.

2. ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯ

Қазақстандық қоғамда денсаулық, әл-ауқаттылық, әділеттілік, ынтымақтастық, әлеуметтік жауапкершілік және отбасы сияқты негізгі құндылықтарды дамыту мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесіндегі маңызды басымдық болып табылады. Елдің ұзақ мерзімді және орта мерзімді даму стратегиясын анықтайтын негізгі құжаттар қазақстандық қоғамның құндылықтарын қамтиды. Мұндай құжаттарға «Қазақстан-2050» Стратегиясы, 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары және Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары жатады. Бұл құжаттарда әділетті және әл-ауқатты қоғам құру үшін аталған құндылықтардың маңыздылығы ерекше атап өтіледі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы

«Қазақстан-2050» стратегиясында осы шолуда қарастырылған құндылықтар елдің әлеуметтік дамуының ұзақ мерзімді басымдықтары ретінде белгіленген. Бұл өз кезегінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу, саяси шешімдер қабылдау және нормативтік-құқықтық актілерді дайындау кезінде қойылған міндеттердің жоғары маңыздылығын негіздейді.

Стратегияда ұлт денсаулығы табысты болашақтың негізі ретінде атап өтіліп, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына, сондай-ақ кеселдерді заманауи тұрғыдан алдын алу және емдеу әдістерін, соның ішінде «смарт-медицина» мен қашықтықтан қызмет көрсетуді енгізуге баса назар аударылады.

Стратегияда әл-ауқаттылық пен әлеуметтік әділеттілік құндылықтары да көрініс тапқан. Әсіресе, аз қамтылған топтарды

қолдау, минималды әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ету және кедейліктің өсуіне жол бермеу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және тең мүмкіндіктер жасау шарттарын қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілген.

Отбасы мен ынтымақтастық қоғам тұрақтылығының негізі ретінде қарастырылады. Стратегияда балалық шақты қорғау, аналар мен көпбалалы отбасыларды қолдау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды нығайту және балаларды өзара қолдау мен жауапкершілік рухында тәрбиелеу үшін жағдай жасауға ерекше назар аударылады.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында халықтың жалпы денсаулық деңгейін арттыру және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету, соның ішінде аурулардың алдын алу және медициналық қызметтердің сапасын жақсарту маңыздылығы аталып өтілген.

Әлеуметтік әл-ауқаттылық пен әлеуметтік қорғау құндылықтары кедейлікті азайту және жалпы әлеуметтік қолдауды, әсіресе осал топтар үшін, арттыруға бағытталған басымдықтарда көрініс тапқан. Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділік пен мұқтаж топтарды қолдау қажеттілігі ерекше атап өтіледі.

Отбасы мен әлеуметтік жауапкершілік қоғамды нығайтудың маңызды аспектілері ретінде қарастырылады. Жоспарда отбасыларды қолдау, балаларды тәрбиелеу жағдайларын жақсарту және әлеуметтік байланыстарды нығайту шаралары

қарастырылған, бұл тұрақты және әл-ауқатты әлеуметтік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлттық жоспар азаматтардың қоғамдық үдерістерге белсенді қатысу қажеттілігіне назар аударады, бұл инклюзивті және жауапты қоғам құруға деген ұмтылысты көрсетеді. Білім мен денсаулық сақтауға тең қолжетімділік жағдайларын жасау әлеуметтік капиталды дамытуға және әлеуметтік бірлікті нығайтуға ықпал етеді.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары (2022-2024 жж.)

2022 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында әлеуметтік әділеттілік және осал топтарды қолдау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Президент барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, қоғамдық игіліктерді әділетті бөлу, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қоса алғанда, әлеуметтік осал топтарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

2023 жылғы Жолдауда әлеуметтік әділеттілікті нығайту және барлық азаматтар үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің маңыздылығы атап өтілді. Президент мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын арттырудың, сондай-ақ медициналық қызметтердің қолжетімділігін жақсартудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Балаларды қолдау және олардың құқықтарын қорғау да Мемлекет басшысының саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2024 жылғы Жолдау «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасына арналған, онда негізгі құндылықтар ретінде заң мен тәртіп,

экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм және әлеуметтік әділеттілік айқындалған. Президент әлеуметтік теңсіздікті азайту және мемлекеттің әлеуетін нығайту үшін орта тапты қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу рөлін ерекше атап өтеді, ол өз кезегінде қоғамның инклюзивті және әділетті дамуына бағытталған «Еститін мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Қазақстан Президентінің 2022, 2023 және 2024 жылдардағы Жолдаулары әділетті және берекелі қоғам құруға бағытталған құндылықтарды дәйекті түрде көрсетеді. Бұл құжаттарда әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге, отбасылық құндылықтарды қолдауға, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға және азаматтардың мемлекеттік өмірге белсенді қатысуына ерекше назар аударылады.

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Соңғы үш жылда әділеттілік, әл-ауқаттылық пен бақыт, әлеуметтік ынтымақтастық пен белсенділік, сондай-ақ отбасы сияқты іргелі құндылықтардың маңыздылығы мен қабылдануындағы негізгі өзгерістерді талдау бұл құндылықтардың әлеуметтік тұтастықты қалыптастыру мен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі шешуші рөлін көрсетеді. Әлеуметтанулық зерттеулер деректерінің негізінде әлеуметтік әділеттілікті қабылдау үрдістері, өмірге, материалдық жағдайға қанағаттану деңгейі мен азаматтардың әлеуметтік бастамаларға қатысуы талданды. Отбасы қоғамдық қатынастардың негізі және сенім мен қолдаудың басты көзі ретінде ерекше назарға алынды. Әлеуметтік құндылықтардың динамикасын талдау қазіргі реформалардың табыстылығын бағалауға және қосымша күш салуды қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік береді. Осы контексте қарастырылған өзгерістер қоғамдық сананың трансформацияларын тереңірек түсінуге және әлеуметтік негіздерді нығайту үшін ұсыныстар әзірлеуге жағдай жасайды.

Әділеттілік

Президент Қ.К.-Ж. Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматтың тең мүмкіндіктері мен ресурстарға қолжетімділігі бар, неғұрлым тең қоғам құруға бағытталған. Бұл бастама әлеуметтік әділеттілік, ашықтық және басқару тиімділігінің маңыздылығын айқындайды. 2024 жылдың мамыр айында әртүрлі халық топтары арасында жүргізілген телефондық сауалнама азаматтардың әділеттілік идеясын қалай

қабылдайтынын және бағалайтынын түсінуге мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері бойынша Қазақстан халқының елеулі бөлігі «Әділетті Қазақстан» идеясын қолдайтыны анықталды. Жалпы алғанда, респонденттердің 88,9%-ы бұл бастаманы оң бағалайды (71,9% - оң, 17,0% - көбіне оң). Сонымен қатар, 9,3%-ы оған теріс көзқараспен қарайды (3,1% - көбіне теріс, 6,2% - теріс), ал 1,9%-ы жауап беруге қиналған. Бұл деректер халық арасында «Әділетті Қазақстан» құру идеясын қолдау деңгейінің жоғары екенін және ұсынылған өзгерістер мен реформаларды позитивті қабылдайтынын көрсетеді.

Соңғы бірнеше жылдағы Қазақстандағы қоғамдық өзгерістерді қабылдауды бағалау мемлекеттік саясат пен әлеуметтік бастамалардың табыстылығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Сауалнама деректеріне сәйкес, респонденттердің 40,6%-ы соңғы 2-3 жылда қазақстандық қоғамның әділеттірек болғанын атап өтті, бұл әлеуметтік әділеттілікті қабылдаудағы оң өзгерістерді көрсетеді. Дегенмен, респонденттердің 42,7%-ы бұл тұрғыда ешқандай өзгеріс болмағанын айтса, 14,1%-ы қоғамның әділетсіз бола түскенін атап өтті.

1 кесте. «Сіздің ойыңызша, соңғы 2-3 жылда қазақстандық қоғам әділеттірек болды ма, әділетсіз бола түсті ме, әлде бұл тұрғыда ешқандай өзгеріс болмады ма?» сұрағы жауаптарының үлестірілуі

Жауап нұсқалары	Жауап бергендердің үлесі
Анағұрлым әділетті	40,6%
Әділетсіздеу	14,1%
Ешқандай өзгеріс болмады	42,7%
Жауап беруге қиналамын	2,6%

«Әділетті Қазақстан» идеологиясы әлеуметтік тұтастықты нығайтуға және мемлекет пен қоғам арасындағы сенім қатынастарын қалыптастыруға негіз жасайды, бұл ұзақ мерзімді тұрақтылық пен даму үшін маңызды негіз болып табылады. Оң нәтижелерге қарамастан, бағдарламаның кейбір мақсаттары одан әрі жетілдіруді талап етеді. Бұл азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын арттыру, әлеуметтік қолдауды күшейту және өңірлер арасындағы алшақтықты азайту мәселелеріне қатысты болып келеді.


Әлеуметтік әл-ауқаттылық пен бақыт

Бақыт пен өмірге қанағаттану деңгейі – өмір сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі, оны арттыру – жаңғырту реформаларының басым міндеті және заманауи қоғамның маңызды құндылықтарының бірі болып табылады. 2023 жылғы зерттеу аясында респонденттердің әлеуметтік әл-ауқаты мен бақытқа қатысты жеке қабылдауы зерттелді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі өзін бақытты сезінеді (75%-ы жеткілікті дәрежеде бақытты)

және материалдық жағдайына қанағаттанған (58%-ы жеткілікті дәрежеде қанағаттанған).

1 сурет. Қазақстандықтардың материалды жағдайға қанағаттануы мен бақыт деңгейі (2023 ж., 1500 респондент)



Осы екі сұрақ бойынша зерттеу нәтижелерін 2022 жылғы сауалнама қорытындыларымен (1504 респондент сұралған) салыстыру көрсетіп отырғандай, 2023 жылы бақыт деңгейі де, материалдық жағдайға қанағаттану деңгейі де 2022 жылмен салыстырғанда сәл төмендеген.

2 кесте. 2022 және 2023 жж. респонденттер бақытының деңгейі

Жауап нұсқалары	2022 жыл	2023 жыл
Өте бақыттымын	31%	28%
Жеткілікті дәрежеде бақыттымын	51%	48%
Ол да емес, басқа да емес	13%	19%
Аса бақытты емеспін	4%	4%
Мүлдем бақытты емеспін	1%	1%

2022 және 2023 жылдардағы респонденттердің бақыт деңгейі бойынша көрсеткіштер үш респонденттің біреуі өзін «өте бақытты» деп санайтынын көрсетті, дегенмен бұл көрсеткіш 2022 жылғы 31%-дан 2023 жылы 28%-ға дейін сәл төмендеді. Респонденттердің жартысы өзін «жеткілікті дәрежеде бақытты» деп бағалады, бұл да оң көзқарастың маңызды көрсеткіші болып табылады, алайда бұл көрсеткіш 51%-дан 48%-ға дейін аздап төмендеді. Сонымен қатар, өз жағдайына бейтарап көзқарастағы респонденттердің үлесі артты, бұл өзгермелі шынайылық жағдайында тепе-теңдік пен тұрақтылықты іздеу үдерісін көрсетеді.

3 кесте. 2022 және 2023 жж. респонденттердің материалды жағдаймен қанағаттануы

Жауап нұсқалары	2022 жыл	2023 жыл
Толық қанағаттанамын	34%	19%
Жеткілікті дәрежеде қанағаттанамын	36%	39%
Ол да емес, басқа да емес	15%	23%
Аса қанағаттанбаймын	12%	14%
Мүлдем қанағаттанбаймын	3%	5%

Материалдық жағдайға қанағаттану деңгейі де оң үрдістерді көрсетеді. 2023 жылы респонденттердің 39%-ы өздерінің материалдық жағдайына «көбіне қанағаттанатынын» айтты, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен (36%) жоғары. Бұл халықтың елеулі бөлігінде оптимизмнің артып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, материалдық жағдайына толық қанағаттанатындардың үлесі азайғанына қарамастан, «көбіне қанағаттанатындардың» санының өсуі жаңа экономикалық жағдайларға бейімделу мен жақсаруға ұмтылысты көрсетеді.


Отбасы

Қазақстандық қоғамда отбасы құндылықтар жүйесіндегі негізгі фактор болып табылады. 2023 жылы жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер отбасының (62%) қазақстандықтар үшін ең маңызды құндылық екенін көрсетті. Отбасының қазақстандықтар үшін негізгі құндылық екендігі олардың отбасына деген жауапкершілік деңгейінен анық байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, қазақстандықтардың басым көпшілігі (97%) жынысына, жасына немесе елді мекеніне қарамастан, өз отбасына жауапкершілік сезінеді. Ынтымақтастық пен әлеуметтік жауапкершілік қоғамның өміршеңдігі мен әл-ауқатының маңызды факторлары болып табылады және қазақстандықтар үшін бұл қасиеттер отбасынан басталатыны анық байқалады. Жауапкершілік, өз кезегінде, отбасы мүшелеріне деген сеніммен тығыз байланысты. Осы тұрғыда, деректер бойынша, қазақстандықтардың дерлік барлығы (95%) өз отбасына сенім артады, ал туыстарына сенетіндердің үлесі 90%-ды құрайды.

Отбасыға деген сенім жақын адамдарға деген сенімнен айтарлықтай жоғары. Сенім көрсеткіші бойынша деректер «Сенім индексі» (СИ) есептеуге мүмкіндік береді. Оның мәні оң жауап берген респонденттердің санының («толық сенемін» және «көбіне сенемін») теріс жауап бергендердің саны («көбіне сенбеймін» және «мүлдем сенбеймін») айырмасына тең.

Егер теріс жауап бергендердің саны оң жауап бергендерден көп болса, СИ теріс мәнге ие болады. Теориялық тұрғыда СИ-дің ең жоғары мүмкін мәні = (+100), ал ең төменгі мәні = (-100).

2 сурет. Тұлғааралық және институционалды сенім индексі (2023 жыл, 1500 респондент)



Алынған нәтижелер «сенім шеңбері» арқылы визуализацияланған, мұнда тұлғааралық сенім мен институционалды сенім көрсеткіштері біріктірілген. Респонденттер ең жоғары сенімді келесі топтарға білдірген: отбасы (+93), жақындар мен туыстар (+87), достар мен таныстар (+74). Сонымен қатар, өз отбасының материалдық жағдайына қанағаттанатындар арасында ел, облыс және қала үшін жауапкершілік алуға дайын адамдардың үлесі материалдық жағдайына қанағаттанбайтындармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Мысалы, өз материалдық жағдайына толық қанағаттанатындардың ішінде «елдегі жағдайларға жауап беруге» дайындар 70%-ды құраса, өз жағдайына мүлдем қанағаттанбайтындардың арасында бұл көрсеткіш тек 33%-ды құрайды.

Әлеуметтік жауапкершілік пен ынтымақтастық

Әлеуметтік ынтымақтастық қоғамның өміршеңдігі мен әлауқатының маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол құндылықтар, нормалар және мақсаттардың ортақ жүйесін білдіреді, ол өз кезегінде әлеуметтік топ немесе қоғам ішінде келісімді өзара әрекеттесуді, қолдауды, бірлікті және тұтастықты қамтамасыз етеді. 2023 жылғы сауалнама деректерінің талдауы көрсеткендей, қазақстандықтардың басым бөлігі өз елдеріне (55%) және өздері тұратын өңірге (56%) жауапкершілік сезінеді. Барлық жас топтарының ішінде ең жоғары жауапкершілік деңгейін 30-39 жас аралығындағы респонденттер (56,9%), 40-59 жас аралығындағы (56%) және 18-29 жас аралығындағы жастар (52,7%) көрсетті.

Үш жас тобы бойынша аталмыш көрсеткіштер айтарлықтай айырмашылық көрсетпейді, бұл келесідей түсіндірілуі мүмкін: егде жастағы топтарда жауапкершілік деңгейі жинақталған өмірлік тәжірибеге байланысты салыстырмалы түрде жоғары, бұл олардың қоғам үшін өз әрекеттерінің салдарын жақсырақ түсінуге ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл топта альтруизм деңгейі көп жағдайда жоғары болып келеді және қоғамдық игілігі үшін олар жеке мүдделерін құрбан етуге дайын болып келеді. Ал жастар арасындағы әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіші патриотизм сезімінің эмоционалдық көрінісімен байланысты болуы мүмкін, бұл, әсіресе, белсенділік пен волонтерлік қозғалыстарға қатысу арқылы айқын көрінеді.

2023 жылғы статистикалық деректер жастардың волонтерлер қатарын белсенді түрде толықтырып жатқанын көрсетті. Соңғы үш жылда волонтерлер саны төрт есе өсті – 2019 жылғы 50 мыңнан 2023 жылы 200 мыңнан аса көрсеткішке дейін. Сол кезеңде волонтерлік ұйымдардың саны үш есе артты. Мысалы, 2019

жылы мұндай ұйымдар саны 224 болса, 2023 жылы ол 680-ге жетті. 2024 жыл ТМД елдерінде Волонтерлік қозғалыс жылы деп жарияланғандықтан, 2024 жылы волонтерлер санының одан әрі өскенін болжауға болады. 2023 жылы волонтерлік қозғалыстарға қатысқан респонденттердің жас топтары арасында ең көп үлес 30-39 жас аралығындағы респонденттерге (29,6%) және 18-29 жас аралығындағы жастарға (26,1%) тиесілі болды.

2023 жылғы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі үй-күйі жоқ адамдарға, аз қамтылған азаматтарға және балалар мекемелеріне киім-кешек пен қажетті заттарды сыйға тартып, қайырымдылық жасаған. Сондай-ақ, олар садақа түрінде жиі көмек берген. Осыған байланысты ресми халықаралық мәліметтерді атап өткен жөн. The World Giving Index қайырымдылық индексі бойынша Қазақстан 2022 жылы рейтингте 119 елдің арасында 54-орыннан 40-орынға көтерілді, яғни 14 позицияға жоғарылады. Бұл нәтижелер Қазақстандағы қайырымдылықтың өсуін тағы бір рет растайды. Алайда, әрбір әлеуметтік топта қайырымдылық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Мысалы, 18-29 жас аралығындағы жастарда бұл көрсеткіш (18,5%) 30-39 жас аралығындағы (22,7%) және 60 жастан асқандар арасындағы (25,1%) деңгейден сәл төмен. Мұны соңғы екі топтың жастармен салыстырғанда материалдық жағдайы анағұрлым тұрақты болуымен түсіндіруге болады.

Осыған байланысты «Сіз басқа адамдарға көмек көрсетуді қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым көпшілігі (83,2%) оң жауап бергенін атап өту қажет. Сонымен қатар, респонденттердің материалдық өмір сүру деңгейіне қанағаттануы артқан сайын, олардың бұл пікірге бейімділігі де жоғарылайтыны анықталды.

4. БОЛЖАМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Әділеттілік қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарының бірі болып қала береді, бұл «Әділетті Қазақстан» идеясының жоғары қолдау деңгейімен (88,9% респондент) расталады. Қазақстан Республикасы Президенті ұсынған әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке бағытталған бұл бағдар ашықтықты, басқарудың тиімділігін және ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Әділеттілікті қабылдаудағы оң өзгерістерді 40,6% азамат атап өткен, бұл бірқатар реформалардың табыстылығын көрсетеді. Сонымен бірге, респонденттердің едәуір бөлігі (42,7%) әзірге өзгерістер байқалмағанын айтады, бұл осы бағытта жұмысты жалғастыру қажеттілігін көрсетеді. «Әділетті Қазақстан» бағдарламасы қоғам мен мемлекет арасындағы сенім мен әлеуметтік бірлікті нығайтуға негіз қалайды, бұл ұзақ мерзімді тұрақтылық үшін өте маңызды. Әділеттілік құндылығын одан әрі дамыту үшін азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын кеңейтуге, әлеуметтік қолдауды күшейтуге және өңірлік теңсіздікті азайтуға назар аудару қажет.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштердің кейбір ауытқуларына қарамастан *әлеуметтік әл-ауқаттылық пен бақыт* заманауи қоғамның маңызды құндылықтарының бірі болып қала береді. 2023 жылғы зерттеулер қазақстандықтардың 75%-ы өзін белгілі бір дәрежеде бақытты сезінетінін, ал 58%-ы материалдық жағдайына қанағаттанатынын көрсетеді. Бұл осы факторлардың өмір сапасы үшін маңыздылығын айғақтайды. Бақыт деңгейі 2022 жылмен салыстырғанда аздап төмендегенімен, тұрақты болып қалуда: респонденттердің 28%-ы өзін «өте бақытты», ал 48%-ы «жеткілікті

дәрежеде бақытты» деп бағалайды. Мұндай оң көзқарас қоғам тұрақтылығын нығайтуға және сыртқы сын-қатерлерге төзімділікті арттыруға ықпал етеді. Бақыт пен әл-ауқаттылық сезімін арттыруға жағдай жасау және қолдау маңызды, өйткені олар оптимизм мен әлеуметтік бейімделудің негізін қалыптастырады. Материалдық жағдайына «көбіне қанағаттанатын» респонденттердің үлесінің өсуі оң өзгерістерге деген сенімнің артуын көрсетеді, бұл әлеуметтік реформалардың тиімділігінің маңызды индикаторы болып табылады.

Отбасы алдағы жылдары Қазақстан қоғамының ең жоғары құндылығы ретінде өз орнын сақтайды, ол өз кезегінде әлеуметтанулық зерттеулердің деректерімен расталады: халықтың 62%-ы отбасын бірінші орынға қояды. Бұл құндылықты қолдау өте маңызды, өйткені ол қоғамдағы жауапкершілік, сенім және әлеуметтік капитал деңгейін анықтайды. Отбасы ынтымақтастық пен әлеуметтік жауапкершілік негізі ретінде қызмет етеді, ал бұл өз кезегінде қоғамның өміршеңдігі мен әл-ауқатына әсер етеді. Отбасы мүшелеріне деген сенімнің жоғары деңгейі (95%) тұлғааралық байланыстар мен әлеуметтік институттарды нығайтуға негіз жасайды. Сонымен қатар, отбасының материалдық қанағаттануы азаматтардың елдің дамуына жауапкершілік алуға деген дайындығымен тығыз байланысты. Осылайша, отбасы құндылығы тұрақты және әлеуметтік белсенді қоғамды қалыптастыруда іргелі рөл атқарады.

Әлеуметтік жауапкершілік пен ынтымақтастық қазақстандық қоғамның өміршеңдігі мен әл-ауқатын қолдайтын маңызды құндылықтар ретінде өз маңыздылығын сақтайды. 2023 жылғы зерттеу деректері азаматтардың 55%-ы ел үшін, ал 56%-ы өз өңірі

үшін жауапкершілік сезінетінін көрсетті, бұл қоғамдық белсенділіктің жоғары деңгейін растайды. Өртүрлі жас топтарының, соның ішінде жастар мен аға буын өкілдерінің үлесі волонтерлік, қайырымдылық және мұқтаж адамдарды қолдау арқылы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл үдерісте жастар мен орта жастағы азаматтар ерекше рөл атқарады, олар волонтерлік қозғалыстарға белсенді қатысады. Волонтерлер саны 2019 жылдан бері төрт есе өсіп, бұл динамика Қазақстанның халықаралық рейтингтерде, мысалы, The World Giving Index бойынша позицияларының жақсаруымен расталды. Бұл құндылықты қолдау және дамыту барлық халық топтарының әлеуметтік қатысуына жағдай жасау бойынша іс-шараларды жалғастыруды талап етеді. Оған қайырымдылық бастамаларды және волонтерлік қозғалыстарды қолдау шаралары жатады.